

Тиімді тілдік орта

«Мың бала» мәдени - ағартушылық жобасы аясында Тіл мектебі өз жұмысын бастады

Ағымдағы жылдың 6 маусымнан бастап Меңдіқара ауданы әкімдігінің тілдерді оқыту орталығының тіл мамандары «Мың бала» мәдени-ағартушылық жобасы аясында өткізілетін «Тіл мектебі» қазақ тілін үйретудің авторлық курсының бағдарламасын әзірлеп, балалар демалысына ұйымдастырылған жазғы лагерьлерде қазақ және ағылшын тілдерін еркін форматта үйрету сабақтарын өткізуде.

Тілдерді оқыту орталығының басшысы Алмағұла Бирманова Меңдіқара ауданының балалар және жасөспірімдер шығармашылығы үйінің директоры Перузат Қошанованың және мекемелердің әдіскерлері, мұғалімдерінің қатысуымен авторлық бағдарламасын талқылау мақсатында әдістемелік кеңес ұйымдастырды.

Жазғы балалар демалысы лагерінде қазақ тілін үйретуді Тілдерді оқыту орталығының қазақ тілінің мұғалімі Иса Мусинов және ағылшын тілінің мұғалімі



Рысжан Балтабаева өткізуде.

Қазақстан жерінде тұрып жатқан сан алуан ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілді құрметтеп, оны жетік меңгеруге деген құлшыныстарын Қазақстан халқы Ассамблеясы қолдап, бүкіл Қазақстан бойынша барлық өңірлерде жас өрендер осы жобаға тартыла бастады.

Бұл жоба Меңдіқара

ауданында Тілдерді оқыту орталығымен үш жыл іске асырылып келеді. Меңдіқара ауданы әкімдігінің тілдерді оқыту орталығы аудандық Балалар және жасөспірімдер шығармашылығы үйінің жанынан ұйымдастырылған жазғы демалыс лагерінде еркін форматта қазақ және ағылшын тілдерін оқыту сағаттарын өткізіліп келеді.

Бұл тілдік курстар маусым айынан шілде айына дейін өз жұмысын жүргізеді. Тілдерді оқыту орталығының тіл мамандары балалармен ойын арқылы оқыту сабақтарын, отандық мультфильмдерді тамашалау, табиғат аясына саяхаттау, қашықтан мұражайға саяхат сабақтарын өткізуде.

Өз тілшіміз